

## **Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорын құру туралы шартты ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 231-IV Заңы.

Мәскеуде 2009 жылғы 9 маусымда қол қойылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорын құру туралы шарт ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. Назарбаев*

## **Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын құру туралы ШАРТ**

**Ескерту. Шарттың атауындағы және мәтіні бойынша "Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қоры" деген сөздер тиіс септікте "Еуразиялық тұрақтандыру және даму қоры" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 25.02.2016 № 462-V Заңымен.**

Ескерту. Мәтін бойынша тиісті септіктегі "Қор туралы ереже" деген сөздер тиісті септіктегі "Қордың Жарғысы" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 24.06.2025 № 197-VIII Заңымен.

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Армения Республикасы (бұдан әрі - құрылтайшы мемлекеттер),

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (мемлекеттер басшылары деңгейіндегі) 2009 жылғы 4 ақпандағы № 415 шешімін басшылыққа ала отырып,

мына төмендегілер туралы уағдаласты:

### **1-бап**

Құрылтайшы мемлекеттер Қорға қатысушы мемлекеттердегі экономикалық және қаржылық тұрақтылыққа жәрдемдесу, сондай-ақ олардың орнықты дамуын қолдау мақсатында Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын (бұдан әрі - Қор) құрады.

Қордың қаражатын қалыптастыру, орналастыру және беру, Қордың қаражатын басқару, Қорға қатысушылар құрамынан шығу және Қордың операцияларын тоқтату тәртібі, сондай-ақ Қордың мәртебесі осы Шартқа қосымша және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қордың Жарғысында айқындалады.

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 197-VIII Заңымен.**

### **2-бап**

Ескерту. 2-бап алып тасталды – ҚР 24.06.2025 № 197-VIII Заңымен.

### **3-бап**

Ескерту. 3-бап алып тасталды – ҚР 24.06.2025 № 197-VIII Заңымен.

### **4-бап**

Ескерту. 4-бап алып тасталды – ҚР 24.06.2025 № 197-VIII Заңымен.

### **5-бап**

Осы Шарт күшіне енгеннен кейін басқа да мемлекеттер Қордың Жарғысында көзделген талаптар мен рәсімдерді орындаған жағдайда, олардың қосылуы үшін ашық.

Депозитарий болып табылатын Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі осы Шартқа қосылу туралы құжатты алған күннен бастап осы Шарт оған қосылатын мемлекеттер үшін күшіне енеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.02.2016 № 462-V; 24.06.2025 № 197-VIII Заңдарымен.

### **6-бап**

Осы Шартқа өзгерістер құрылтайшы мемлекеттердің және Қорға қатысушылардың өзара келісімі бойынша енгізіледі және жеке хаттамалармен ресімделеді, олар Депозитарий Қорға қатысушылардың олардың күшіне енуі үшін қажетті ішкі рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

Өзгерістер енгізу туралы хаттамалар күшіне енгеннен кейін осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.02.2016 № 462-V Заңымен.

### **7-бап**

Осы Шартқа ескертпелер енгізуге жол берілмейді.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруге байланысты келіспеушіліктер Қорға қатысушы мемлекеттер арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі. Осы Шартты қолдануға байланысты және Қор қызметі барысында туындайтын даулар Қордың Жарғысына сәйкес шешіледі.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 197-VIII Заңымен.

### **8-бап**

Осы Шарт Депозитарий құрылтайшы мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны

алған күннен бастап күшіне енеді және Қордың Жарғысында көзделген тәртіппен Қор операцияларын тоқтату рәсімі толық аяқталғанға дейін күшінде болады.

Қордың Жарғысында көзделген тәртіпке сәйкес Қорға қатысушылардың құрамынан шығу кезінде Қорға кез келген қатысушы осы Шарттан шығуға құқылы. Қордың осы қатысушысына қатысты Қорға қатысушылар құрамынан шығу рәсімі аяқталғаннан кейін оның осы Шартқа қатысуы дереу тоқтатылады.

2009 жылғы 9 маусымда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Осы Шарттың түпнұсқа данасы Депозитарийде сақталады, ол құрылтайшы мемлекеттерге оның расталған көшірмелерін жібереді.

Беларусь	Қазақстан	Қырғыз
Республикасы үшін	Республикасы үшін	Республикасы үшін
Ресей	Тәжікстан	Армения
Федерациясы үшін	Республикасы үшін	Республикасы үшін

Еуразиялық тұрақтандыру және  
даму қорын құру туралы шартқа  
ҚОСЫМША

## **Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорының ЖАРҒЫСЫ**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР 24.06.2025 № 197-VIII Заңымен.**

Осы Жарғы 2009 жылғы 9 маусымдағы Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын құру туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) ажырамас бөлігі болып табылады.

### **1-тарау. Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорының мақсаттары, функциялары және қатысушылары**

#### **1-бап. Жалпы ережелер**

1. Еуразиялық тұрақтандыру және даму қоры (бұдан әрі - Қор, ЕТДҚ) халықаралық қаржылық ұйым - халықаралық құқық субъектісі болып табылады, өз қызметін Шартқа және осы Жарғыға сәйкес ұйымдастырады және жүзеге асырады.

2. ЕТДҚ өз қызметін Қорға қатысушы мемлекеттердің өз ұлттық экономикаларын басқару мәселелерінде олардың егемендігіне нұқсан келтірместен жүзеге асырады. ЕТДҚ Шарттың, осы Жарғының және ЕТДҚ-ның басқару органдары бекіткен құжаттардың негізінде Қорға қатысушы әрбір мемлекетке әділ қатынасты қамтамасыз етеді.

3. ЕТДҚ өз қызметін жүзеге асыруда халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын, қолданылатын халықаралық шарттарды, Шартты және осы Жарғыны басшылыққа алады. ЕТДҚ өз функцияларын орындауды қамтамасыз ету үшін Қорға қатысушы мемлекеттердің үкіметтерімен олардың

аумақтарында ЕТДҚ-ның болу шарттары туралы келісімдер, сондай-ақ Қорға қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерімен және өзге де уәкілетті органдарымен келісімдер жасасуы мүмкін. Қорға қатысушы мемлекеттер заңнамасының ұйымдарды құру, лицензиялау, реттеу және олардың қызметін тоқтату тәртібін белгілейтін ережелері ЕТДҚ-ға қолданылмайды.

4. ЕТДҚ-ның толық атауы:

орыс тілінде "Евразийский фонд стабилизации и развития";  
ағылшын тілінде "Eurasian Fund for Stabilization and Development".

5. ЕТДҚ-ның қысқаша атауы:

орыс тілінде "ЕФСР";  
ағылшын тілінде "EFSD".

6. ЕТДҚ-ның штаб-пәтері Қазақстан Республикасы, Астана қаласында орналасқан.

7. Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша ЕТДҚ Қорға қатысушы мемлекеттерде өкілдіктерін аша алады.

## **2-бап. Мақсаттары мен функциялары**

1. ЕТДҚ Қорға қатысушы мемлекеттердегі экономикалық және қаржылық тұрақтылыққа жәрдемдесу, сондай-ақ олардың орнықты дамуын қолдау мақсатында құрылған.

2. Өз мақсаттарына жету үшін ЕТДҚ мынадай функцияларды орындайды:

1) капиталға жарналар түрінде алынғандарды коса алғанда, қаражат жинайды;

2) жинақталған қаражатқа билік етеді;

3) ЕТДҚ мақсаттары үшін Қорға қатысушы мемлекеттер, сондай-ақ Шартқа қатыспайтын мемлекеттер және басқа да ұйымдар қалыптастырған қорларды басқарады ;

4) консультациялық және талдамалық қызметтер көрсетеді;

5) ЕТДҚ өз мақсаттарына қол жеткізу үшін неғұрлым қолайлы және орынды деп есептейтін нысанда Қорға қатысушы мемлекеттердің және басқа да елдердің билік органдарымен, халықаралық және өзге де ұйымдарымен, ұлттық мекемелерімен және шаруашылық жүргізуші субъектілерімен өзара іс-қимыл жасайды;

6) Шартта және осы Жарғыда, ЕТДҚ Қорға қатысушы мемлекеттермен жасасқан екіжақты келісімдерінде айқындалған ЕТДҚ мақсаттарына қайшы келмейтін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады және өзге де қызметтер көрсетеді.

3. ЕТДҚ ЕТДҚ-ның мақсаттары мен функцияларын іске асыруды қандай да бір түрде шектеуі, олардан ауытқуға алып келуі немесе оларды өзгеше түрде өзгертуі мүмкін қорларды басқаруға қабылдамауға, қарыздарды немесе өзге де жәрдемдесу нысанын алмауға тиіс.

## **3-бап. ЕТДҚ-ның құрылтайшылары мен қатысушылары**

1. Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Армения Республикасы ЕТДҚ-ның құрылтайшылары (бұдан әрі - ЕТДҚ-ның құрылтайшы мемлекеттері) болып табылады.

2. ЕТДҚ-ның құрылтайшы мемлекеттері оның қатысушылары болып табылады.

3. Қор ЕТДҚ-ны құру мақсатын құптайтын басқа мемлекеттердің қатысуы үшін ашық.

4. Қорға қосылғысы келетін мемлекет Басқарушылар кеңесіне ЕТДҚ-ны құру мақсатын құптайтынын және Шарттың 5-бабына сәйкес Шартқа қосылатынын көрсете отырып, ресми өтініш береді.

Қорға қабылданатын мемлекет Шартқа қосылғаннан және Басқарушылар кеңесі белгілеген тәртіппен жарна төлегеннен кейін осы Жарғыға сәйкес қабылданған Басқарушылар кеңесінің шешімі негізінде ЕТДҚ-ға қатысушы болады.

Басқарушылар кеңесінің жаңа мемлекетті Қорға қабылдау туралы шешімінің тиісті түрде куәландырылған көшірмесі осы мемлекетке және Шарттың депозитарийіне жіберіледі. Депозитарий көрсетілген құжатты қосылу туралы құжатпен бірге алған күннен бастап жаңа мемлекет Шартқа қосылған және Қорға қатысушы ретінде қабылданған болып есептеледі, бұл туралы депозитарий Қорға қатысушы басқа мемлекеттерді және Қорды хабардар етеді.

## **2-тарау. ЕТДҚ ресурстары**

### **4-бап. Қор ресурстары**

Осы Жарғының мақсаттары үшін мыналар ЕТДҚ ресурстары болып табылады:

- 1) Қорға қатысушы мемлекеттердің жарналары;
- 2) ЕТДҚ ресурстары есебінен қаржыландыруды беруден түсетін түсімдер;
- 3) ЕТДҚ-ның уақытша бос қаражатын орналастырудан (инвестициялаудан) түсетін түсімдер;

4) ЕТДҚ-ға қайырмалдықтар;

5) осы Жарғыға сәйкес ЕТДҚ-ның басқаруына берілген арнаулы қорлардың қаражатын қоспағанда, ЕТДҚ өз қызметі шеңберінде алған кез келген өзге де қаражат.

### **5-бап. Қорға қайырмалдықтар**

1. Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша ЕТДҚ-ға оларды Қордың мақсатына пайдалану үшін Қорға қатысушы кез келген мемлекеттен, мүдделі мемлекеттен немесе ұйымнан өтеусіз және қайтарымсыз негізде ақшалай қаражат (қайырмалдықтар) қабылданады.

2. ЕТДҚ-ға қайырмалдық түрінде ақшалай қаражат салу қайырмалдық берушінің көрсетілген қаражатты ЕТДҚ-ның саясатына, қағидаларына және рәсімдеріне сәйкес пайдалануға келісімін білдіреді.

3. Қорға қатысушы мемлекет болып табылмайтын қайырмалдық беруші Қорға қатысушы болмайды және ЕТДҚ-ның қаражатын басқаруға қатыспайды.

4. ЕТДҚ-ға қайырмалдық ретінде салынған қаражат және көрсетілген қаражатты орналастырудан (инвестициялаудан) және беруден алынған кірістер Қорға қатысушы мемлекеттің үлесін айқындау кезінде ескерілмейді және Қор операциялары тоқтатылғанға дейін өзінің Қорға қатысушы мемлекеттердің құрамынан шығатыны туралы мәлімдеген Қорға қатысушы мемлекетке төленбейді.

#### **6-бап. Резервтік және басқа да қорлар**

1. Басқарушылар кеңесі:

- 1) Қордың пайдасынан аударымдар есебінен резервтік қорды;
- 2) қажет болған кезде өзге де қорларды құрады.

2. ЕТДҚ Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша мұндай қорлар ЕТДҚ-ның мақсаттары мен функцияларына сәйкес келген жағдайда, сенімгерлік басқаруға берілген арнаулы қорларды қоса алғанда, қорлар құрып, олардың қаражатын басқара алады. Арнаулы қорларды басқару жөніндегі барлық шығыстар осы қорлардың есебінен жүзеге асырылады.

#### **7-бап. Уақытша бос қаражатты орналастыру (инвестициялау)**

Уақытша бос қаражатты орналастыру (инвестициялау) Басқарушылар кеңесі бекіткен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

#### **3-тарау. Капитал**

#### **8-бап. ЕТДҚ капиталы**

1. ЕТДҚ капиталы ЕТДҚ-ның құрылтайшы мемлекеттерінің бастапқы жарналарынан, ЕТДҚ-ға қатысуына сәйкес қабылданған міндеттемелері шеңберінде ЕТДҚ-ға қатысушы әрбір мемлекет төлеген немесе төлеуге жататын жарналар сомасының жиынтығынан (бұдан әрі - жарна) тұрады.

2. ЕТДҚ капиталына жарналар:

1) Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша есептік бірлікте (бұдан әрі - ЕТДҚ-ның есептік бірлігі) немесе өзге валютада номинатталады. Жарналарды есепке алу мақсаттары үшін ЕТДҚ-ның бір есептік бірлігі құрылымының 100 пайызы 1 АҚШ долларын құрайтыны қабылданады.

ЕТДҚ-ның есептік бірлігінің құрылымы, оның құны және есептеу тәртібі Басқарушылар кеңесінің шешімімен қайта қаралады және бекітіледі;

2) Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша:

ЕТДҚ-ның құрылтайшы мемлекеттерінің ұлттық валюталарында, АҚШ долларында, еуро, еуро, немесе басқа валюталарда;

ЕТДҚ-ның құрылтайшы мемлекеттерінің ұлттық валюталарында, АҚШ долларында, еуроға немесе талап ету бойынша номиналы бойынша өтелуге жататын басқа да валюталарда айналымға түспейтін және пайызсыз қарапайым вексельдер шығару арқылы төленеді. ЕТДҚ мұндай талаптарды қажет болған жағдайда Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша қояды.

3. ЕТДҚ-ның құрылтайшы мемлекеттерінің бастапқы жарналарының мөлшері мыналарды құрайды:

- 1) Армения Республикасы - 1 млн. АҚШ долларына балама, оның ішінде:  
100 мың АҚШ доллары ақшалай нысанда төленген;  
900 мың АҚШ доллары толық өтелген айналымға түспейтін және пайызсыз қарапайым вексель түрінде енгізілген;
- 2) Беларусь Республикасы - 10 млн. АҚШ долларына балама, оның ішінде:  
1 млн. АҚШ доллары ақшалай нысанда төленген;  
9 млн. АҚШ доллары ішінара 1 млн. АҚШ долларына өтелген айналымға түспейтін және пайызсыз қарапайым вексель түрінде енгізілген;
- 3) Қазақстан Республикасы - 1 млрд. АҚШ долларына балама, оның ішінде:  
100 млн. АҚШ доллары ақшалай нысанда төленген;  
900 млн. АҚШ доллары ішінара 396 млн. 800 мың АҚШ долларына өтелген айналымға түспейтін және пайызсыз қарапайым вексель түрінде енгізілген;
- 4) Қырғыз Республикасы - 1 млн. АҚШ долларына балама, оның ішінде:  
100 мың АҚШ доллары ақшалай нысанда төленген;  
900 мың АҚШ доллары ішінара 100 мың АҚШ долларына өтелген айналымға түспейтін және пайызсыз қарапайым вексель түрінде енгізілген;
- 5) Ресей Федерациясы - 7,5 млрд. АҚШ долларына балама, оның ішінде:  
750 млн. АҚШ доллары ақшалай нысанда төленген;  
6 млрд. 750 млн. АҚШ доллары ішінара 1 млрд. 808 млн. АҚШ долларына өтелген айналымға түспейтін және пайызсыз қарапайым вексель түрінде енгізілген;
- 6) Тәжікстан Республикасы - 1 млн. АҚШ долларына балама, оның ішінде:  
100 мың АҚШ доллары ақшалай нысанда төленген;  
900 мың АҚШ доллары толық өтелген айналымға түспейтін және пайызсыз қарапайым вексель түрінде енгізілген.

4. Қорға қатысушы мемлекеттердің ЕТДҚ-дағы үлестері, сондай-ақ Қорға қатысушы мемлекеттердің ЕТДҚ-дағы құқықтары кепіл немесе өзге де ауыртпалық нысанасы бола алмайды, оларды мәжбүрлеп алып қоюға немесе тыйым салуға болмайды және ешкімге беруге болмайды. ЕТДҚ Қорға қатысушы мемлекеттердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

## **9-бап. Капиталдың өзгеруі**

1. ЕТДҚ капиталы жаңа мемлекет Қорға кірген кезде ұлғайтылуға жатады. Қорға қатысушы жаңа мемлекеттің бастапқы жарнасының мөлшерін, ЕТДҚ капиталына енгізу тәртібін және мерзімдерін Қорға қатысушы тиісті жаңа мемлекетпен келісу бойынша Басқарушылар кеңесі айқындайды.

2. ЕТДҚ-ға бастапқы жарнаның ең төмен сомасы, егер бұл соманы Басқарушылар кеңесі өзгертпесе, ЕТДҚ-ның 1 млн. есептік бірлігінің баламасын құрайды.

3. Қорға қатысушы кез келген мемлекеттің кез келген уақытта Басқарушылар кеңесіне ЕТДҚ-ға меншікті жарнасының жалпы сомасын ұлғайтуға қатысты ұсыныстар енгізуге құқығы бар. Ұлғайтудың тәртібі мен шарттары, оның ішінде төлем валютасы және оны ЕТДҚ-ның есептік бірлігіне қатысты айқындау тәртібі Басқарушылар кеңесінің бекітуіне жатады. Қорға қатысушы мемлекеттің жарнасын ұлғайту, сондай-ақ Қорға қатысушы мемлекеттің осындай ұлғайтуға байланысты туындайтын құқықтары мен міндеттері ЕТДҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. ЕТДҚ капиталы Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша осы Жарғыда белгіленген тәртіпке сәйкес Қорға қатысушы мемлекеттердің қосымша жазылу бойынша қосымша жарналар енгізуі есебінен ұлғайтылуы мүмкін.

5. Капиталды қосымша жазылу бойынша ұлғайтқан кезде Қорға қатысушы әрбір мемлекет тікелей ұлғайғанға дейін капиталдағы өзіне тиесілі үлеске пропорционалды мөлшерде ЕТДҚ капиталына қосымша жарнаға қосымша жазылудың артықшылықты құқығына ие болады.

Қорға қатысушы мемлекеттер қосымша жазылуға қатысуға міндетті емес. Олардың біреуі қосымша жазылудың артықшылықты құқығынан толық немесе ішінара бас тартқан жағдайда, Қорға қатысушы мемлекет жазылудан бас тартқан жарияланған капиталдың бір бөлігін бөлу Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша Қорға қатысушы бір немесе бірнеше мемлекеттің өтініші бойынша қайта бөлу (жазылу сомасын ұлғайту) арқылы немесе Басқарушылар кеңесінің шешімінде көзделген өзгеше түрде жүзеге асырылады. Қорға қатысушы мемлекеттер бұл құқықтан бас тартқан жағдайда, Басқарушылар кеңесі қосымша жазылу шеңберінде қосымша жарна мөлшерін азайту туралы шешім қабылдайды.

6. Капиталға жарналарға қатысты мынадай ережелер қолданылады:

1) жарна туралы шешім қабылдау кезінде Қорға қатысушы мемлекет Басқарушылар кеңесін осы Жарғының 8-бабының 2-тармағы 2) тармақшасының ережелерін ескере отырып, төлем валютасы туралы хабардар етеді;

2) Қорға қатысушы мемлекеттің әрбір жарнасы Басқарушылар кеңесі ЕТДҚ-ның есептік бірлігінде көрсетілген, төленетін жарна сомасына балама деп айқындайтын соманы құрауға тиіс;

3) егер ЕТДҚ-ның есептік бірліктерінде көрсетілген, енгізілген валюталардың құны төмендесе, ЕТДҚ капиталына осындай валюталарды енгізген Қорға қатысушы мемлекет Басқарушылар кеңесі бекітетін тәртіпке сәйкес ЕТДҚ капиталына Қорға

қатысушы мемлекеттің осы валюталардағы жарналарының барлық сомаларының құнын ұстап тұру үшін қажетті осындай валюталардағы қосымша соманы ЕТДҚ-ға төлейді;

4) егер ЕТДҚ-ның есептік бірліктерінде көрсетілген, енгізілген валюталардың құны ұлғайса, ЕТДҚ осындай валюталарды ЕТДҚ капиталына енгізген Қорға қатысушы мемлекетке Басқарушылар кеңесі бекітетін тәртіпке сәйкес ЕТДҚ капиталына осы валюталардағы жарналардың барлық сомаларының құнын түзету үшін қажетті осындай валюталардағы соманы төлейді;

5) ЕТДҚ осы тармақтың 3-тармақшасына сәйкес төлемді алуға өз құқықтарынан бас тарта алады, ал Қорға қатысушы мемлекет Басқарушылар кеңесі бекіткен тәртіппен осы тармақтың 4) тармақшасына сәйкес төлемді алуға өз құқықтарынан бас тарта алады;

6) ЕТДҚ Қорға қатысушы кез келген мемлекеттен Қорға қатысушы осы мемлекеттің үкіметі шығарған айналымға түспейтін және пайызсыз қарапайым вексельдерді осы қаражат ЕТДҚ-ға Қордың операциялық қызметін жүзеге асыру үшін талап етілмейтін жағдайда осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес валюталарда төлем ретінде қабылдай алады. ЕТДҚ Қорға қатысушы мемлекетке Қорға қатысушы осы мемлекеттің үкіметі шығарған айналымға түспейтін және пайызсыз қарапайым вексельдерді осы тармақтың 4) тармақшасына сәйкес осындай валюталарда төлем ретінде бере алады.

7. Басқарушылар кеңесі Қорға қатысушы мемлекеттер жарналарының мөлшерін 5 жылда кемінде бір рет қайта қарайды. Қорға қатысушы барлық мемлекеттердің Басқарушылар кеңесі белгілеген шарттарда ЕТДҚ капиталына жарналар енгізуге тең мүмкіндігі болуға тиіс.

8. Егер Басқарушылар кеңесі өзгеше шешім қабылдамаса, ЕТДҚ-ға жарналар оларды пайдаланудың қандай да бір бағытына, ЕТДҚ қаражатын алушыға немесе ЕТДҚ жобасына байланысты болмайды.

#### **4-тарау. ЕТДҚ-ның операциялық қызметі**

##### **10-бап. ЕТДҚ-ның операциялық қызметі**

1. ЕТДҚ өз қызметін Шартқа және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады. Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін ЕТДҚ мынадай операциялық қызметті (бұдан әрі - Операциялық қызмет) жүзеге асыруға құқылы:

- 1) Қорға қатысушы мемлекеттерге өтеулі негізде қаржы қаражатын беру;
- 2) осы Жарғының 6-бабына сәйкес қалыптастырылған қорлардан қаржы қаражатын, оның ішінде өтеусіз негізде беру;

3) Қорға қатысушы мемлекеттер мен Қорға қатыспайтын мемлекеттер үшін ЕТДҚ-ның мақсаттары мен функцияларына сәйкес келетін консультациялық және талдамалық қызметтер ұсыну;

4) Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша Шартта және осы Жарғыда көзделген мақсаттар мен функцияларға сәйкес келетін өзге де операциялар жасау.

2. ЕТДҚ Қорға қатысушы мемлекеттердің экономикалық және қаржылық тұрақтылығына мониторинг жүргізеді. Қорға қатысушы әрбір мемлекет Қорға ақпарат береді, оның тізбесін Басқарушылар кеңесі бекітеді және ЕТДҚ Қорға қатысушы мемлекетпен келісу бойынша тұрақты консультациялар өткізеді.

3. ЕТДҚ ресурстары мен қаражаты осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген Операциялық қызметті қоспағанда, Қорға қатысушы егемен мемлекеттермен Операциялық қызмет үшін ғана пайдаланылады. Көрсетілген жағдайда Қорға қатысушы мемлекет болып табылмайтын егемен мемлекетке консультациялық және талдамалық қызметтер көрсету мәселесі Басқарушылар кеңесінің шешіміне шығарылады.

4. ЕТДҚ қызметі ашықтық, ұтымды қаржылық басқару және тәуекелдерді басқару қағидастарын сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.

5. ЕТДҚ Басқарушылар кеңесі айқындаған шарттарда осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген Операциялық қызметті жүзеге асыру үшін қаржы ресурстарын ұсынады. Бұл ретте ЕТДҚ алушы мемлекеттердің қаржы қаражатын Қорға қатысушы қандай да бір нақты мемлекеттің немесе Қорға қатысушы мемлекеттердің аумағында пайдалануы жөнінде ешқандай шарт қоймайды.

6. ЕТДҚ-ның есептік бірлігі осы бапта көрсетілген Операциялық қызметте Басқарушылар кеңесі айқындаған шарттарда пайдаланылуы мүмкін.

7. ЕТДҚ Қорға қатысушы мемлекеттердің пайдасына жүзеге асырылатын кез келген Операциялық қызметтен түсетін түсімдердің нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

8. ЕТДҚ валюталарды, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген құқықтарды ( талаптарды) сатып алу-сату мәмілелерін жасайды.

9. ЕТДҚ халықаралық және ұлттық қаржы нарықтарында қаражат тартуды жүзеге асырмайды және ұйымдардың капиталына қатыспайды.

10. Басқарушылар кеңесі, Директорлар кеңесі, Басқарушы директор және Басқарма ( бұдан әрі - ЕТДҚ-ның басқару органдары) Операциялық қызметті жүзеге асыру стандарттарын, қағидастары мен рәсімдерін регламенттейтін құжаттарды қабылдауды қамтамасыз етеді. ЕТДҚ өзінің Операциялық қызметінің ЕТДҚ-ның тиісті басқару органдары бекіткен ЕТДҚ құжаттарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

11. Қор өз қызметінде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы үздік әлемдік практикаға сәйкес келуге ұмтылады.

12. ЕТДҚ орнықты даму қағидаттарын ұстанады және осы баптың 1-тармағында көрсетілген қаржыландырылатын операцияларды экологиялық және әлеуметтік бағалауға тиісті назар аударады. ЕТДҚ бала еңбегін ЕТДҚ-дан алынған қаражат есебінен қаржыландырылатын өндірістерде пайдалануды қабылдамайды және оған тыйым салады, темекі және алкоголь өнімдерін өндіруді, әскери-техникалық құралдар мен қосарлы қолданылатын өнімдерді әзірлеуді, өндіруді, жөндеуді және оларға қызмет көрсетуді, сондай-ақ экологияға, халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне елеулі зиян келтіретін өндірістерді тікелей немесе жанама қаржыландырмайды.

### **11-бап. Шығындарды жабу**

1. Берілген қаржы қаражаты бойынша ЕТДҚ алдындағы мерзімі өткен берешек болған немесе міндеттемелер орындалмаған жағдайда, ЕТДҚ ықтимал шығындарды жабу үшін қажетті әрекеттерді жасайды.

2. ЕТДҚ-ның операциялары бойынша шығындар:

- 1) бірінші кезекте таза пайдаға;
- 2) екінші кезекте резервтік қорға және бөлінбеген пайдаға;
- 3) үшінші кезекте капиталға жатады.

### **5-тарау. Ұйымдастыру және басқару**

#### **12-бап. ЕТДҚ-ның басқару органдарының құрылымы**

1. ЕТДҚ-ны басқаруды Басқарушылар кеңесі, Директорлар кеңесі, Басқарушы директор және Басқарма жүзеге асырады.

2. ЕТДҚ-ның басқару органдары өз өкілеттіктері шегінде ЕТДҚ-ның қызметін қамтамасыз ету үшін кез келген саясатты, ережелерді, қағидалар мен рәсімдерді қабылдауға, сондай-ақ ЕТДҚ-ның Басқару органдары болып табылмайтын кез келген көмекші органдарды (комитеттер мен комиссияларды) құруға құқылы.

#### **13-бап. Басқарушылар кеңесі туралы жалпы ережелер**

1. Басқарушылар кеңесі ЕТДҚ-ның жоғарғы Басқару органы болып табылады.

2. Басқарушылар кеңесі өз міндеттерін мүшелері ЕТДҚ штаб-пәтерінің орналасқан жерінде тұрақты болмайтын орган ретінде орындайды.

3. Қорға қатысушы әрбір мемлекеттің Басқарушылар кеңесінде өкілдік ету құқығы бар. Басқарушылар кеңесінің құрамына Қорға қатысушы әрбір мемлекеттен бір басқарушыдан және оның бір орынбасарынан кіреді.

4. Қорға қатысушы мемлекеттің қаржы министрі (мемлекеттік қаржыны басқару саласындағы уәкілетті органның басшысы) Басқарушылар кеңесіндегі Қорға қатысушы осы мемлекеттен басқарушы болып табылады. Әрбір басқарушы өзінің орынбасарын тағайындайды (және бұл туралы ЕТДҚ-ға ресми түрде хабарлайды). Қорға қатысушы

мемлекеттен басқарушы болмаған кезде Басқарушылар кеңесінің отырысында оның орынбасары басқарушының атынан әрекет етуге, оның ішінде дауыс беруге қатысуға уәкілетті болады.

5. Басқарушылар кеңесі жыл сайын Қорға қатысушы мемлекеттен басқарушының біреуін Басқарушылар кеңесінің төрағасы етіп сайлайды, ол өз міндеттерін Басқарушылар кеңесінің келесі төрағасы сайланғанға дейін атқарады.

6. Басқарушы Басқарушылар кеңесінде өзі өкілдік ететін Қорға қатысушы мемлекеттің атынан дауыс береді. Басқарушының орынбасары басқарушы болмаған кезде ғана Қорға қатысушы мемлекеттің атынан дауыс береді.

7. Басқарушылар кеңесінде дауыс беру мақсаттары үшін Қорға қатысушы әрбір мемлекетке Қорға қатысушы мемлекеттің ЕТДҚ капиталындағы ақшалай жарнасы сомасындағы ЕТДҚ-ның әрбір толық 100 мың есептік бірлігі үшін бір дауыс беріледі. Басқарушылар кеңесінде Қорға қатысушы мемлекеттің дауыс санын есептеу үшін жарна мөлшерін айқындау кезінде төленбеген вексельдер назарға алынбайды.

8. Басқарушылар кеңесінің барлық мәселелер бойынша шешімдері, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, берілген дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады.

9. Осы Жарғының 14-бабының 2-тармағында айқындалған мәселелер бойынша шешімдер Қорға қатысушы мемлекеттер капиталға енгізген жарналар сомасының 90 пайызын білдіретін дауыстар болған кезде және осы баптың 7-тармағының ережелері ескеріле отырып қабылданады. ЕТДҚ-ға қатысуды тоқтата тұру туралы шешім қабылдау кезінде өзінің қатысуын тоқтата тұру туралы шешім қабылданатын Қорға қатысушы мемлекеттің дауыстары дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде ескерілмейді.

10. Басқарушылар кеңесі өзінің қалауы бойынша, бірақ жылына 2 реттен жиілетпей отырыстар өткізеді, оларды Басқарушылар кеңесінің төрағасы шақырады. Директорлар кеңесі мен Басқарушы директор Басқарушылар кеңесінің төрағасына Басқарушылар кеңесінің отырысын шақыру туралы ұсыныс бере алады.

11. Басқарушылар кеңесі басқарушыларға жазбаша сырттай сұрау салу (сырттай дауыс беру) арқылы шешімдер қабылдауға құқылы.

12. Басқарушылар кеңесінің отырысы Басқарушылар кеңесінде дауыс беру кезінде кемінде 90 пайыз дауысты білдіретін басқарушылар болған кезде құқықты болып табылады.

13. Басқарушылар кеңесі бірінші отырыста оның жұмыс тәртібін регламенттейтін өз қызметі туралы ережені бекітеді.

14. Басқарушылар өз міндеттерін ЕТДҚ-дан сыйақы алмай орындайды.

#### **14-бап. Басқарушылар кеңесінің өкілеттіктері**

1. Басқарушылар кеңесі осы Жарғыға және Шартқа сәйкес ЕТДҚ қызметінің кез келген мәселелерін қарау және шешу үшін өкілеттіктерге ие болады.
2. Басқарушылар кеңесі Директорлар кеңесіне және Басқармаға мыналарды:
  - 1) Қорға қатысушы жаңа мемлекеттерді ЕТДҚ-ға қабылдауды және оларды қабылдау шарттарын айқындауды;
  - 2) ЕТДҚ капиталын ұлғайту немесе азайту туралы шешуді;
  - 3) Қорға қатысушы мемлекеттің ЕТДҚ-ға қатысуын тоқтата тұруды;
  - 4) Шартты және осы Жарғыны түсіндіру бойынша Қорға қатысушы мемлекеттерге ұсыныстар енгізуді;
  - 5) Басқарушы директорды лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатуды;
  - 6) Басқарушы директордың ұсынуы бойынша Басқарушы директордың орынбасарлары мен Басқарма мүшелерінің кандидатураларын бекітуді;
  - 7) ЕТДҚ капиталына жарналар сомасын Қорға қатысушы мемлекеттер арасында қосымша жазылу бойынша қайта бөлуді;
  - 8) ЕТДҚ-ның сыртқы аудиторын таңдауды бекітуді;
  - 9) ЕТДҚ-ның таза пайдасын бөлуді, резервтер мөлшерін айқындауды;
  - 10) осы Жарғының 10-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген Операциялық қызметті жүзеге асыруға қол жеткізу лимиттерін Қорға қатысушы мемлекеттер арасында бөлуді;
  - 11) Операциялық қызметті реттейтін саясаттарды бекітуді;
  - 12) осы Жарғының 10-бабында регламенттелген қызметке сәйкес ЕТДҚ-ның 100 млн. есептік бірлігінің баламасынан асатын мөлшерде Қорға қатысушы мемлекеттерге берілетін жекелеген операцияларды бекітуді;
  - 13) Шартқа және осы Жарғыға өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныстарды Қорға қатысушы мемлекеттерге енгізуді;
  - 14) ЕТДҚ стратегиясын бекітуді;
  - 15) ЕТДҚ қызметін тоқтата тұру туралы және ЕТДҚ қызметін түпкілікті тоқтату және оның ресурстарын бөлу туралы шешім қабылдауды;
  - 16) сыртқы аудитордың аудиторлық қорытындысын ескере отырып, ЕТДҚ қызметі туралы жылдық есептерді, жылдық қаржылық есептерді бекітуді;
  - 17) ЕТДҚ өкілдіктерін ашу мен жабу және ЕТДҚ штаб-пәтерінің орналасқан жерін өзгерту туралы шешім қабылдауды;
  - 18) ЕТДҚ-ның ұйымдық құрылымын дербес құрылымдық бөлімшелер деңгейіне дейін бекітуді;
  - 19) ЕТДҚ-ға жарналар номиналын айқындау үшін ЕТДҚ-ның есептік бірлігін немесе валютаны бекітуді;
  - 20) ЕТДҚ-ның есептік бірлігінің құрылымын, оның құнын және есептеу тәртібін бекітуді;

21) Қорға қатысушы мемлекеттің ЕТДҚ қаражатындағы үлесін Қорға қатысушы мемлекеттердің құрамынан шыққан жағдайда, оны қайтару мақсатында айқындауды;

22) ЕТДҚ-ға қайырмалдықтар қабылдауды;

23) Басқарушылар кеңесі жұмысының қағидалары мен рәсімдерін айқындауды;

24) Директорлар кеңесі мен Басқарма жұмысының қағидалары мен рәсімдерін айқындауды;

25) резервтік және өзге де қорларды қалыптастыру, басқару және пайдалану тәртібі мен шарттарын бекітуді қоспағанда, өз өкілеттіктерін бере алады.

3. Басқарушылар кеңесі өз өкілеттіктерін Директорлар кеңесіне, Басқарушы директорға және Басқармаға бере алады, бірақ бұрын берілген өкілеттіктердің кез келгенін жою, шектеу немесе қайта қарау құқығын өзінде сақтайды.

### **15-бап. Директорлар кеңесі**

1. Директорлар кеңесі ЕТДҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын және Басқарушылар кеңесіне есеп беретін оның алқалы басқару органы болып табылады.

2. Әрбір басқарушы Директорлар кеңесіне қаржы министрлігі (мемлекеттік қаржыны басқару саласындағы құзыретті орган) қызметкерлерінің қатарынан бір директорды тағайындайды және бұл туралы ЕТДҚ-ға ресми түрде хабарлайды. Директорлар кеңесінің құрамын Басқарушылар кеңесінің төрағасы бекітеді.

3. Директорлар өздеріне жүктелген міндеттерді адал, тиісті сақтықпен орындауға және ЕТДҚ мүддесіне сай әрекет етуге тиіс.

4. Басқарушылар кеңесінде төрағалық ететін Қорға қатысушы мемлекеттің директоры Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

5. Директорлар ЕТДҚ қызметкерлері болып табылмайды және ЕТДҚ-дан сыйақы алмайды.

6. Директорлар олардың мирасқорлары тағайындалғанға дейін және өз міндеттерін орындауға кіріскенге дейін лауазымда қалады.

7. Директорлар кеңесі өз отырыстарын ЕТДҚ қызметінің мәселелеріне байланысты қажеттілігіне қарай, бірақ жылына 2 реттен жиілетпей өткізеді. Директорлар кеңесі өз мүшелері ЕТДҚ штаб-пәтерінің орналасқан жерінде тұрақты болмайтын орган ретінде өз міндеттерін орындайды. Отырыстарды Директорлар кеңесінің төрағасы директорлардың және Басқарушы директордың ұсынысы бойынша да шақыра алады.

8. Директорлар кеңесі директорларға жазбаша сырттай сұрау салу (сырттай дауыс беру) арқылы шешім қабылдауға құқылы.

9. Директорлар кеңесінде дауыс беру мақсаттары үшін әрбір директорға Қорға қатысушы мемлекеттің ЕТДҚ-ға ақшалай жарнасы сомасында ЕТДҚ-ның әрбір толық 100 мың есептік бірлігі үшін бір дауыс беріледі. Қорға қатысушы мемлекеттің Директорлар кеңесіндегі дауыс санын есептеу үшін жарна мөлшерін айқындау кезінде төленбеген вексельдер назарға алынбайды.

10. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінде дауыс беру кезінде кемінде 90 пайыз дауысты білдіретін директорлар болған кезде құқықты болып табылады.

11. Егер осы Жарғыда немесе Басқарушылар кеңесінде Директорлар кеңесіне өкілеттіктер беру кезінде тікелей өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесі қарайтын барлық мәселелер дауыс беруге қатысатын директорлар иелік ететін жалпы дауыс санының көпшілігімен шешіледі.

#### **16-бап. Директорлар кеңесінің өкілеттіктері**

Директорлар кеңесі ЕТДҚ қызметіне жалпы басшылықты қамтамасыз етеді және осы мақсаттарда оған Басқарушылар кеңесі берген, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген өкілеттіктерді, атап айтқанда:

- 1) Басқарушылар кеңесінің қарауына шығарылатын материалдарды алдын ала мақұлдауды;
- 2) Басқарушылар кеңесі берген өкілеттіктер шеңберінде ЕТДҚ құжаттарын бекітуді және осындай құжаттарға қатысты ерекшеліктер немесе алып қою ұсынуды;
- 3) Басқарманың ЕТДҚ қызметі туралы тұрақты есептерін қарауды және тиісті шаралар қабылдауды;
- 4) Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құруды және аталған комитеттердің өкілеттіктерін айқындауды;
- 5) сыртқы аудиторды таңдауды және қаржы жылының қорытындылары бойынша аудиттелген қаржылық есептілікті мақұлдауды;
- 6) Басқарушылар кеңесі бекітпес бұрын ЕТДҚ стратегиясын мақұлдауды;
- 7) Басқарушылар кеңесі шешім қабылдағанға дейін, осы мәселені Басқарушылар кеңесінің қарауына бір мезгілде шығара отырып, ЕТДҚ-ның жаңа операцияларын уақытша тоқтата тұруды жүзеге асырады;
- 8) Басқарушылар кеңесі берген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **17-бап. ЕТДҚ-ның Басқарушы директоры, Басқармасы және қызметкерлері**

1. Басқарушы директор Қордың қызметіне және Басқармаға басшылық етеді, ЕТДҚ қызметінің барлық мәселелері бойынша оның ресми өкілі болып табылады және ЕТДҚ-ның атынан үшінші тұлғалармен қатынастарда сенімхатсыз әрекет етеді.

2. Басқарушы директор мен оның орынбасарларын Басқарушылар кеңесі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады. Басқарушы директор бір мезгілде Басқарушылар кеңесінің, Директорлар кеңесінің құрамында басқарушы немесе оның орынбасары лауазымын атқара алмайды.

3. Басқарушы директор болмаған жағдайда, оның міндеттерін Басқарушы директор тағайындаған орынбасары орындайды. Басқарушы директор өз міндеттерін орындай

алмаған кезде Басқарушылар кеңесі төрағасының шешімі бойынша тағайындалған Басқарушы директордың орынбасары Басқарушы директордың өкілеттігін жүзеге асырады және функцияларын орындайды.

4. Басқарушы директор лауазымға 5 жылға бекітіледі және жаңа мерзімге қайта тағайындалуы мүмкін.

5. Басқарушы директор Басқарушылар кеңесіне есеп береді. Басқарушы директор Басқарушылар кеңесінің және Директорлар кеңесінің отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады.

6. Басқарма ЕТДҚ-ның тұрақты жұмыс істейтін алқалы атқарушы органы болып табылады, Директорлар кеңесіне және Басқарушылар кеңесіне есеп береді және Басқарушы директордан, оның орынбасарларынан және Басқарма мүшелерінен тұрады. Басқарманың сан құрамын Басқарушылар кеңесі айқындайды. Басқарушы директордың ұсынуы бойынша Басқарушылар кеңесі Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын Басқарма құрамына енгізу туралы шешім қабылдай алады. Басқарманың негізгі міндеті Шартқа, осы Жарғыға, Басқарушылар кеңесі мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес ЕТДҚ қызметін жүзеге асыру болып табылады.

7. Басқарма мүшелері арасында міндеттерді бөлуді Басқарушы директор жүзеге асырады. Басқарушы директордың орынбасарлары мен Басқарманың басқа да мүшелері ЕТДҚ қызметінің жекелеген бағыттарына басшылықты жүзеге асырады және Басқарушы директорға есеп береді.

8. Басқарма отырысында шешімдер көпшілік дауыспен қабылданады. Шешім қабылдау кезінде Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарушы директордың дауысы шешуші болып табылады.

9. Басқарушы директор, Басқарушы директордың орынбасарлары және Басқарма мүшелері Қорға қатысушы мемлекеттердің азаматтары қатарынан тағайындалады.

10. Егер Басқарушылар кеңесі өзгеше көздемесе, Басқарушы директордың құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) осы Жарғыға, Басқарушылар кеңесі мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес ЕТДҚ-ның жұмысын ұйымдастыру, ЕТДҚ-ның мүлкі мен активтерін басқару;

2) Басқарманың жұмысын қамтамасыз ету;

3) Басқарушылар кеңесі мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

4) ЕТДҚ-ның атынан өкілдік ету, сондай-ақ ЕТДҚ-ның атынан сотта және төрелікте наразылықтар мен талаптар қою;

5) Басқарушы директор мен Басқарма өкілеттігі шеңберінде ЕТДҚ қызметінің мәселелері бойынша бұйрықтар шығару және шешімдер қабылдау;

6) Қордың штат кестесін бекіту және ЕТДҚ-ның бюджетіне және штат кестесіне сәйкес жалақы, сондай-ақ ерекше көзге түскен қызметкерлерді көтермелеу мөлшерлерін белгілеу;

- 7) ЕТДҚ-ның атынан (сенімхатсыз) операциялар мен мәмілелер жасау;
- 8) Басқарушылар кеңесі мен Директорлар кеңесі берген өкілеттік шеңберінде ЕТДҚ-ның құжаттарын бекіту;
- 9) Қордың персоналына басшылық ету, Басқарушылар кеңесі тағайындайтын Басқарушы директордың орынбасарларын қоспағанда, ЕТДҚ қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару, ЕТДҚ қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін айқындау;
- 10) ЕТДҚ қызметкерлеріне ЕТДҚ-ның атынан әрекет етуге және мәмілелер жасасуға өкілеттік беру, оларға ЕТДҚ-ның атынан сенімхаттар беру;
- 11) Басқарушылар кеңесіне Басқарушы директордың орынбасарларын тағайындау жөнінде, ішкі аудит қызметінің дербес құрамы жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 12) Басқарушылар кеңесі мен Директорлар кеңесінің құзыретіне жататындарды қоспағанда, өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

11. Егер Басқарушылар кеңесі өзгеше көздемесе, Басқарманың құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) ЕТДҚ стратегиясын, Басқарушылар кеңесі мен Директорлар кеңесі қабылдаған басқа да құжаттар мен шешімдерді іске асыру;
- 2) Басқарушылар кеңесі мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын материалдар мен ұсыныстарды дайындау;
- 3) Қордың операциялары бойынша қағидалар мен рәсімдерді бекіту;
- 4) ЕТДҚ қызметінің бағдарламаларын дайындау;
- 5) ЕТДҚ-ның жобалары мен бағдарламаларын сараптауды ұйымдастыру;
- 6) ЕТДҚ-ның ресурстық әлеуетінің жеткілікті екеніне бағалау жүргізу, жобаларды қаржыландыру басымдығына қатысты ұсыныстар дайындау;

7) осы Жарғыда және Басқарушылар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өкілеттіктер шегінде осы Жарғының 10-бабында регламенттелген қызметке сәйкес Қорға қатысушы мемлекеттерге берілетін операцияларды бекіту туралы шешімдер қабылдау;

8) Қорға қатысушылардың тізілімін жүргізу;

9) Басқарушылар кеңесі мен Директорлар кеңесі қабылдаған құжаттар мен шешімдерге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

12. Басқарма отырысын өткізуге арналған кворум Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілігін құрайды.

**6-тарау. Қатысушы мемлекеттердің ЕТДҚ құрамынан шығуы, ЕТДҚ-ға қатысуды тоқтата тұру, ЕТДҚ-ның операцияларын тоқтата тұру және тоқтату**

**18-бап. Қорға қатысушы мемлекеттің ЕТДҚ-дан шығуы және ЕТДҚ-ға қатысуды тоқтата тұру**

1. Қорға қатысушы кез келген мемлекет өзінің ниеті туралы Басқарушылар кеңесін жазбаша нысанда хабардар ете отырып, ЕТДҚ-дан шығуға құқылы. Мұндай жазбаша хабарлама - Басқарушылар кеңесінің төрағасына, көшірмелерімен Директорлар кеңесінің төрағасына және Басқарушы директорға жіберіледі және оны Басқарушы директор дереу Қорға қатысушы мемлекеттердің назарына жеткізеді.

2. Басқарушылар кеңесінің төрағасы ЕТДҚ-дан шығу туралы хабарламаны алған күннен бастап:

1) ЕТДҚ құрамынан шығу құқығынан басқа, Шартқа және осы Жарғыға сәйкес Қорға қатысушы осы мемлекетке берілген барлық құқық тоқтатыла тұрады;

2) Қорға қатысушы осындай мемлекет өзінің ЕТДҚ капиталына жарналарын төлеуге қатысты шешімдерден басқа, Басқарушылар кеңесінің қандай да бір шешімдер қабылдауы кезінде дауыс беруге құқығы жоқ. Сонымен қатар, Қорға қатысушы осы мемлекет жасасқан шарттар, келісімдер және басқа да уағдаластықтар шеңберінде туындаған барлық міндеттеме оған өтеулі негізде берілген барлық қаражат толық өтелгенге дейін сақталады;

3) Қорға қатысушы осындай мемлекет өзінің ЕТДҚ-ға қатысуын тоқтату ниеті туралы хабарламасын ЕТДҚ алғаннан кейін ЕТДҚ-ның қаражатымен жүргізілетін операциялар үшін жауапты болмайды.

3. Басқарушылар кеңесінің төрағасы Қорға қатысушы мемлекеттен оның ЕТДҚ құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны алған күннен бастап бір жыл ішінде Қор Басқарушылар кеңесінің шешімі негізінде Қорға қатысушы осындай мемлекеттің ЕТДҚ капиталындағы жарнасын төлеу мерзімі мен тәртібі туралы келісім жасасады.

Қорға қатысушы осындай мемлекеттің ЕТДҚ капиталына жарнасының мөлшері Қорға қатысушы осындай мемлекет жарналарының мерзімдері мен нақты сомасы ескеріле отырып, Басқарушылар кеңесі қабылдаған рәсімге сәйкес айқындалады.

4. Басқарушылар кеңесінің төрағасы Қорға қатысушы мемлекеттен оның ЕТДҚ құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны алған күннен бастап бір жыл өткенге дейін не оның капиталдағы жарнасын төлеу мерзімі мен тәртібі туралы келісім жасасқан күнге дейін (қандай оқиғаның бұрын болатынына қарай) Қорға қатысушы осы мемлекет Басқарушылар кеңесіне осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіпке ұқсас тәртіппен көрсетілген хабарламаны кері қайтарып алу туралы жазбаша нысанда хабарлай алады.

5. Басқарушылар кеңесіне Қорға қатысушы мемлекеттердің құрамынан шығатыны туралы хабарлама жіберген Қорға қатысушы мемлекет оның жарнасын төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы келісім жасалған күннен бастап, бірақ Басқарушылар кеңесінің төрағасы оның ЕТДҚ құрамынан шығатыны туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей ЕТДҚ құрамынан шықты деп есептеледі

6. Егер Қорға қатысушы мемлекет ЕТДҚ алдындағы өзінің қандай да бір міндеттемелерін орындамаса, Басқарушылар кеңесі осы Жарғының 13-бабының 9-тармағына сәйкес қабылданатын шешім негізінде оның ЕТДҚ-ға қатысуын тоқтата алады.

7. Егер қатысуды тоқтата тұрған күннен бастап 1 жыл өткен соң Басқарушылар кеңесі Қорға қатысушы осындай мемлекеттің құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім қабылдамаса, онда Қорға қатысушы осы мемлекет ЕТДҚ құрамынан шығарылған болып есептеледі. Қор мен оның арасындағы одан әрі өзара қарым-қатынастар осы баптың 1 - 5-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Қорға қатысушы осындай мемлекетке қатысты Шарттың қолданылуы Қор мен Қорға қатысушы осы мемлекет арасында оның ЕТДҚ капиталындағы жарнасын төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы келісім жасалған күннен бастап тоқтатылады.

8. Қатысуды тоқтата түру кезеңінде Қорға қатысушы мемлекет осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес ЕТДҚ құрамынан шығу құқығын қоспағанда, Шартқа және осы Жарғыға сәйкес қандай да бір құқықтарды жүзеге асыра алмайды, бірақ Қорға қатысушы мемлекет ЕТДҚ-мен қол қойған келісімдерге, шарттарға және өзге де құжаттарға сәйкес өзінің барлық міндеттемесін атқарады.

9. Мемлекет Қорға қатысушы мемлекет болуды тоқтатқан күннен кейін ол мемлекет Қорға қатысушы мемлекет және Шарттың тарапы болуды тоқтатқанға дейін келісімдер жасалған осы Жарғының 10-бабына сәйкес қарыздардың қандай да бір бөлігі немесе қаржыландырудың басқа нысандары өтелмеген күйінде қалғанға дейін ЕТДҚ алдында өз міндеттемелері бойынша жауапты болуды жалғастырады, бірақ ол ЕТДҚ кейінірек берген қарыздарға немесе басқа қаржыландыруға қатысты міндеттемелер атқармайды және таза кірісті бөлуге немесе ЕТДҚ-ның шығыстарын жабуға қатыспайды.

### **19-бап. Операцияларды уақытша тоқтата тұру**

Төтенше жағдайларда Директорлар кеңесі туындаған жағдайды Басқарушылар кеңесі қарағанға және мәні бойынша шешім қабылдағанға дейін ЕТДҚ-ның жаңа операцияларын мақұлдауды уақытша тоқтата алады.

### **20-бап. Операцияларды түпкілікті тоқтату және ЕТДҚ-ны тарату**

1. ЕТДҚ Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша өзінің Операциялық қызметін түбегейлі тоқтата алады.

2. Мұндай шешім қабылданған жағдайда, Басқарушылар кеңесі тиісті шешім қабылдаған күнге дейін туындаған, ЕТДҚ-ның активтерін қорғау және сақтау, қолданыстағы міндеттемелер бойынша төлемдерді шоғырландыру және ЕТДҚ-ның

қаражаты есебінен төленуге жататын міндеттемелерді реттеу жөніндегі қызметті қоспағанда, ЕТДҚ-ның қаражатымен жасалатын барлық операциялар дереу тоқтатылады.

3. Міндеттемелер түпкілікті реттелгенге және ЕТДҚ-ның қаражаты бөлінгенге дейін Қорға қатысушы мемлекеттердің ЕТДҚ-ның операцияларына және өздері қол қойылған ЕТДҚ капиталының төленбеген бөлігіне байланысты барлық құқықтары мен міндеттемелері толық көлемде күшінде қалады.

4. Активтерді Қорға қатысушы мемлекеттердің ЕТДҚ капиталына жарналары есебінен олардың арасында бөлу Басқарушылар кеңесінің шешімімен бекітілгенге дейін бөлінбейді.

5. ЕТДҚ активтерін Қорға қатысушы мемлекеттер арасында кез келген бөлу Қорға қатысушы әрбір мемлекеттің ЕТДҚ капиталына төленген жарналарына пропорционалды түрде жүргізіледі және Басқарушылар кеңесінің шешіміне сәйкес, ЕТДҚ әділ және тең құқықты деп санайтын сондай мерзімдерде және сондай шарттарда жүзеге асырылады. Бөлінген активтердің үлестері алуан түрлі болуы мүмкін. Қорға қатысушы бір де бір мемлекет ЕТДҚ алдындағы өзінің барлық міндеттемелерін орындамағанға дейін оның активтерді осындай бөлудегі өз үлесін алуға құқығы болмайды.

6. Осы бапқа сәйкес бөлінетін активтерді алатын Қорға қатысушы кез келген мемлекет оларды бөлер алдында ЕТДҚ осы активтерге қатысты пайдаланған құқықтарды оларға қатысты пайдаланады.

## **7-тарау. Мәртебе, иммунитеттер, артықшылықтар және алып қою**

### **21-бап. ЕТДҚ мәртебесі**

1. Шарттың 1-бабында және осы Жарғыда мақсаттарға қол жеткізу және ЕТДҚ-ға жүктелген функцияларды орындау үшін ЕТДҚ-ға Қорға қатысушы әрбір мемлекеттің аумағында осы Жарғыда және ЕТДҚ мен Қорға қатысушы мемлекеттердің үкіметтері арасында ЕТДҚ-ның олардың аумақтарында бөлу шарттары туралы жасалған келісімдерде көзделген иммунитеттер, артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі.

2. Қорға қатысушы әрбір мемлекет өз аумағында осы тарауда жазылған ережелерді орындау үшін қажетті шараларды қабылдауға және қабылданған әрекеттер туралы ЕТДҚ-ға хабарлауға тиіс.

3. ЕТДҚ халықаралық қаржылық ұйым - халықаралық құқық субъектісі бола отырып, халықаралық құқық субъектілігіне ие болады және атап айтқанда, өз құзыреті шегінде халықаралық шарттар жасасуға құқылы болады.

4. Қор заңды тұлғаның құқықтарын пайдаланады және атап айтқанда:

1) шарттар жасасуға;

2) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті жалға алуға, сатып алуға және иеліктен шығаруға (Қорға қатысушы мемлекеттердің жер пайдалану саласындағы заңнамасының нормаларына сәйкес) және оларға билік етуге;

3) процестік әрекеттерге бастамашылық жасауға және оларға ден қоюға;

4) Шартта және осы Жарғыда көзделген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған басқа да әрекеттер жасауға құқылы.

## **22-бап. Иммуниеттер мен артықшылықтар**

1. ЕТДҚ Қордың өзі иммунитеттен бас тартқан жағдайларды қоспағанда, мақсаттарға қол жеткізу және функцияларды орындау үшін қажетті дәрежеде сот араласуының кез келген нысанынан иммунитетті пайдаланады.

2. Қорға қатысушы қандай да бір мемлекет, Қорға қатысушы мемлекеттің мемлекеттік органы немесе өзге институты не Қорға қатысушы мемлекеттің, оның органының немесе институтының атынан тікелей немесе жанама әрекет ететін немесе тиісті талап ету құқығын алған заңды немесе жеке тұлға ЕТДҚ-ға қарсы ешқандай сот талқылауын қозғай алмайды. Қорға қатысушы мемлекеттер Шартта және осы Жарғының 35-бабында, ЕТДҚ құжаттарында немесе ЕТДҚ-ның Қорға қатысушы мемлекеттермен жасасқан келісімдерінде көзделген ЕТДҚ мен Қорға қатысушы мемлекеттер арасындағы келіспеушіліктерді реттеудің арнаулы рәсімдеріне жүгінуге құқылы.

3. ЕТДҚ-ның мүлкі мен активтері қайда және кімнің билігінде болса да, ЕТДҚ-ға қатысты түпкілікті сот шешімі шығарылғанға дейін тәркілеудің, тінтудің, тыйым салудың кез келген нысандарынан немесе алып қоюдың не иеліктен шығарудың өзге де нысандарынан иммунитетке ие болады.

4. ЕТДҚ мен оның өкілдіктерінің үй-жайлары, сондай-ақ ЕТДҚ-ның архивтері, мүлкі, құжаттары мен ақпараты қайда және кімнің билігінде болса да, Қорға қатысушы кез келген мемлекеттің аумағында қол сұғылмайтын болып табылады.

5. ЕТДҚ-ның мақсаттарына қол жеткізуі және функцияларын орындауы үшін қажетті дәрежеде және Шарттың және осы Жарғының ережелері сақталған жағдайда, ЕТДҚ барлық мүлкі мен активтері кез келген сипаттағы шектеулерден, нұсқамалардан, бақылаудан және мораторийлерден босатылады.

6. Қорға қатысушы мемлекеттер ЕТДҚ-ның ресми хабарламаларына Қорға қатысушы кез келген басқа мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктерін қоса алғанда, оның ресми хабарламаларына ұсынылғандай режим ұсынады.

7. Қорға қатысушы мемлекеттер кез келген елде төлемдерді жүзеге асыру үшін ЕТДҚ қаражатының түсуіне, оны ЕТДҚ-ның кез келген қаржыландыруын алушыларының иеленуіне, пайдалануына немесе аударуына ешқандай валюталық шектеулер қоймайды.

8. Қорға қатысушы әрбір мемлекеттің аумағында өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде ЕТДҚ-ның Басқарушы директоры, Басқарушы директордың орынбасарлары, Басқарма мүшелері және қызметкерлері:

1) қызметтік міндеттерін атқару аясында өздері жасаған әрекеттері үшін сот және әкімшілік қудалаудан иммунитетке ие болады. Бұл иммунитет жол-көлік оқиғалары кезінде залал келтірілген жағдайда азаматтық жауаптылыққа қолданылмайды;

2) Қорға қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес отбасы мүшелері деп танылғандармен бірге (бұдан әрі - отбасы мүшелері) осы мемлекеттегі дипломатиялық өкілдіктердің қызметкерлері пайдаланатын репатриациялау бойынша жеңілдіктерге ие болады;

3) жеке пайдалануға арналып әкелінетін тауарларға қатысты кедендік органдар алатын кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды төлеуден босатылады;

4) мемлекеттік міндеттіліктен босатылады;

5) отбасы мүшелерімен бірге көшіп келу жөніндегі шектеулерден және шетелдіктер ретінде тіркеуден босатылады;

6) валюталық операциялар саласында осы мемлекеттегі дипломатиялық өкілдіктердің қызметкерлеріне берілетін артықшылықтарды пайдаланады;

7) жүріп-тұру шарттары мен бостандығына қатысты басқа қатысушы мемлекеттердің тең дәрежедегі өкілдеріне, лауазымды адамдарына және қызметкерлеріне қатысты қолданылатынға ұқсас артықшылықтарды пайдаланады.

9. Осы баптың 8-тармағының ережелері 1) тармақшаны қоспағанда, ЕТДҚ-ның Басқарушы директорына, Басқарушы директорының орынбасарларына, Басқарма мүшелеріне немесе өздерінің қызметтік міндеттерін атқаратын қызметкерлеріне өздері азаматы болып табылатын Қорға қатысушы мемлекеттердің аумағында уақытша немесе тұрақты болған уақытта қолданылмайды.

10. Басқарушы директор оның пікірінше, кез келген иммунитеттер мен артықшылықтар сот төрелігін іске асыруға кедергі келтіретін және олардан оның пікірінше, Қордың мүдделеріне нұқсан келтірмей, Қордың мүдделеріне сай келетіндей дәрежеде және шарттарда бас тартуға болатын жағдайларда, Басқарушы директорды, Басқарушы директордың орынбасарларын және Басқарма мүшелерін қоспағанда, ЕТДҚ-ның кез келген қызметкеріне қатысты осындай иммунитеттер мен артықшылықтардан бас тартуға міндетті. Осыған ұқсас мән-жайларда және сол шарттарда Басқарушылар кеңесі Басқарушы директорға, Басқарушы директордың орынбасарларына және Басқарма мүшелеріне қатысты иммунитеттер мен артықшылықтардан бас тартуға міндетті.

11. ЕТДҚ Қорға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарына осы бапта және осы Жарғының 23-бабында көзделген артықшылықтар мен иммунитеттер қолданылатын адамдарға тиісті артықшылықтар мен иммунитеттер беру мақсаттарында осындай адамдардың тегін кезең-кезеңімен хабарлайды.

12. Өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде ЕТДҚ-ның Басқарушы директоры, Басқарушы директорының орынбасарлары, Басқарма мүшелері мен қызметкерлері халықаралық қызметкерлер ретінде әрекет етеді. Олар ЕТДҚ-ға есеп береді және өздері азаматы болып табылатын мемлекеттердің қандай да бір билік органдарына немесе ресми адамдарға тәуелді болмайды.

### **23-бап. Салық салудан босату**

1. ЕТДҚ, оның кірістері, мүлкі және басқа да активтері, сондай-ақ оның осы Жарғыға сәйкес Қорға қатысушы мемлекеттердің аумақтарында жүзеге асырылатын операциялары мен мәмілелері нақты қызмет көрсету түрлері үшін төлемақы болып табылатындарды қоспағанда, кез келген салықтардан, алымдардан, баждардан және басқа да төлемдерден босатылады.

2. ЕТДҚ өзінің ресми қызметі шеңберінде Қорға қатысушы мемлекеттердің аумақтарында ЕТДҚ-ның қызмет бабында пайдалануына арналған тауарларды әкелу және әкету кезінде кедендік баждардан, салықтар мен кеден алымдардан босатылады.

ЕТДҚ кеден төлемдерін төлеу бойынша жеңілдіктерді қолдана отырып әкелген тауарлар ЕТДҚ оларға қатысты аталған, бұрын Қорға қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес төлеуден босатылған төлемдерді алдын ала төлемейінше иеліктен шығарылуға жатпайды.

3. Ешқандай салықтар, міндетті жарналар мен алымдар, баждар және (немесе) басқа да кез келген төлемдер жалақыдан және басқа да сыйақылардан, келтірілген шығыстардың өтемақыларынан немесе ЕТДҚ соған байланысты Басқарушы директорға, Басқарушы директордың орынбасарларына, Басқарма мүшелеріне және қызметкерлерге жүзеге асыратын өзге де төлемдерге байланысты алынбайды.

4. ЕТДҚ кез келген салықтарды, баждарды, міндетті жарналарды есептеу, жинау, ұстап қалу және төлеу міндеттемелерінен, оның ішінде салықтарды ұстап қалу мен төлеуді салық агенті кіріс алу көзінен жүзеге асырған жағдайларда да босатылады.

### **24-бап. Иммунитеттен, артықшылықтардан және алып қоюдан бас тарту**

1. Осы Жарғыда көзделген артықшылықтар, иммунитеттер және алып қою оларды алатын адамдардың жеке пайдасы үшін емес, Қордың мүддесі үшін беріледі.

2. Басқарушылар кеңесі осы Жарғыда көзделген кез келген артықшылықтардан, иммунитеттерден немесе жеңілдіктерден кез келген сәтте және кез келген мән-жайларда бас тарта алады, мұны ол Қордың мүддесіне неғұрлым оңтайлы дәрежеде сай келеді деп есептейтін түрде және шарттарда жасайды.

3. Иммунитеттен бас тарту, қабылданған шешімнің екі ұшты мағынада түсіндірілуін болдырмай, айқын айтылады. Бұл ретте, егер Басқарушылар кеңесі өзгеше бекітпесе,

сот талқылауына қатысты иммунитеттен бас тарту атқарушылық иммунитеттен бас тартуды білдірмейді.

## **8-тарау. ЕТДҚ қызметінің жекелеген аспектілері**

### **25-бап. ЕТДҚ-ның халықаралық сипаты**

1. ЕТДҚ-ның Басқарушы директоры, Басқарушы директорының орынбасарлары, Басқарма мүшелері мен қызметкерлері Қорға қатысушы мемлекеттердің ішкі істеріне араласпайды, ал олардың шешімдері Қорға қатысушы мемлекеттердің саяси қысымы ретінде қабылданбауға тиіс. Олардың шешімдері тек экономикалық пайым тұрғысынан қабылданады. Мұндай пайымдар ЕТДҚ-ның мақсаттарға жетуін және функцияларды орындауын қамтамасыз ету үшін бейтарап бағаланады.

2. ЕТДҚ-ның Басқарушы директоры, Басқарушы директорының орынбасарлары, Басқарма мүшелері мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде тек ЕТДҚ-ның мүддесі үшін әрекет етуге және Қорға қатысушы мемлекеттердің билік органдарына бағынбауға тиіс. Қорға қатысушы әрбір мемлекет олардың жағдайының халықаралық сипатын құрметтеуге және аталған адамдар өздерінің қызметтік міндеттерін орындаған кезде олардың қайсыбіріне ықпал ететін кез келген әрекеттен тартынуға тиіс.

### **26-бап. Байланыс арнасы**

Қорға қатысушы әрбір мемлекет Шарт және осы Жарғы шеңберінде туындайтын кез келген мәселелер бойынша ЕТДҚ өзара іс-қимыл жасай алатын ресми орган ретінде мемлекеттік қаржыны басқару саласындағы өзінің құзыретті органын тағайындайды.

### **27-бап. ЕТДҚ-ның жұмыс және ресми тілі**

Орыс тілі ЕТДҚ-ның жұмыс және ресми тілі болып табылады.

### **28-бап. ЕТДҚ бюджеті**

ЕТДҚ бюджетін жыл сайын Басқарманың ұсынысы бойынша Басқарушылар кеңесі бекітеді.

### **29-бап. Жылдық есептілік және ақпаратты ашу**

1. Басқарушылар кеңесі ЕТДҚ-ның жылдық есептілігін бекітеді.

2. ЕТДҚ тәуелсіз сыртқы аудитордың қорытындысы бар қаржылық есептілікті қамтитын жылдық есепті жариялайды және оны Қорға қатысушы мемлекеттерге жібереді.

3. ЕТДҚ-ның қаржы жылы 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

4. ЕТДҚ өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ақпаратты ашуға қатысты саясатты әзірлейді және жүргізеді. ЕТДҚ ақпаратты ашудың жалпыға бірдей танылған халықаралық қағидаттарын негізге ала отырып, өз мақсаттарына жету және өз функцияларын орындау үшін орынды деп санайтын осындай есептерді жариялай алады.

5. Қорға қатысушы мемлекеттер ЕТДҚ-ның мақсаттары мен функцияларын орындауға жәрдемдесу мақсатында негізделіп сұратылған ақпаратты ЕТДҚ-ға береді.

### **30-бап. Ішкі аудит**

ЕТДҚ-ның құрылымында ішкі аудит қызметі құрылады. Басқарушылар кеңесі қызметтің жұмыс тәртібі мен құрамын бекітеді.

### **31-бап. Сыртқы аудит**

ЕТДҚ-ның қаржылық есептілігін Басқарушылар кеңесі бекітетін тәуелсіз сыртқы аудитор тексереді, ол жылдық қаржылық есептілік аудитінің қорытындылары бойынша тиісті қорытынды береді. Сыртқы аудитор ЕТДҚ-ның бухгалтерлік кітаптары мен шоттарын тексеру және оның қаржылық операциялары туралы толық ақпарат алу үшін барлық өкілеттікке ие болуға тиіс.

### **32-бап. ЕТДҚ-ның пайдасын бөлу**

Таза пайда резервтік және өзге де қорларды толықтыру үшін, сондай-ақ Шарттың 1-бабында көзделген ЕТДҚ-ның мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдаланылады және ЕТДҚ өз қызметін тоқтатпаса, Қорға қатысушы мемлекеттерге қандай да бір нысанда төленбейді.

### **33-бап. ЕТДҚ шоттары**

1. ЕТДҚ қаражатымен жасалатын операциялар тізбесін Басқарушылар кеңесі бекітетін банктерде ашылған ЕТДҚ шоттары арқылы жүзеге асырылады.

2. ЕТДҚ-ның шоттары ЕТДҚ-ның құрылтайшы мемлекеттерінің ұлттық валюталарында, АҚШ долларында, еуроода, сондай-ақ Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша өзге де валюталарда жүргізіледі.

### **9-тарау. Өзге де ережелер**

#### **34-бап. Өзгерістер енгізу**

1. Осы Жарғыға кез келген өзгерістер осы баптың ережелері ескеріле отырып, Шарттың 6-бабына сәйкес енгізіледі.

2. Осы Жарғыға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды басқарушылар, директорлар және Басқарма атынан Басқарушы директор енгізе алады.

3. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы кез келген ұсыныс Басқарушылар кеңесі төрағасының назарына жеткізіледі, ол осы ұсынысты Басқарушылар кеңесінің қарауына және мақұлдауына ұсынады.

### **35-бап. Осы Жарғыны қолданумен байланысты және ЕТДҚ-ның қызметі барысында туындайтын дауларды шешу тәртібі**

1. Осы Жарғыны қолдануға байланысты және ЕТДҚ-ның қызметі барысында ЕТДҚ мен Қорға қатысушы мемлекет арасында не ЕТДҚ мен Қорға қатысушы бұрынғы мемлекет арасында, не ЕТДҚ мен Қорға қатысушы қандай да бір мемлекет арасында ЕТДҚ операцияларын тоқтата тұру және тоқтату кезінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктерді дау тараптары мүмкіндігінше келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

2. Егер осындай даулар мен келіспеушіліктер туындаған кезден бастап 6 ай ішінде келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілмеген жағдайда, оларды дау тараптарының кез келгені Басқарушылар кеңесіне қарауға және шешуге береді. Басқарушылар кеңесі дауды 6 ай ішінде қарауға және шешуге тиіс.

3. Дау тараптарының кез келгені дауды шешу үшін аралық сотқа берген кезден бастап 2 ай ішінде тағайындалатын 3 төрешіден тұратын аралық соттың қарауына бере отырып, Басқарушылар кеңесінің шешіміне дау айта алады. Төрешілердің бірін - ЕТДҚ, екіншісін Қорға қатысушы тиісті мемлекет немесе Қорға қатысушы бұрынғы мемлекет тағайындайды, ал үшіншісін (төрағасын) тағайындалған төрешілердің келісімі бойынша не, егер төрешілер өздері тағайындалғаннан кейін 6 ай ішінде бірыңғай келісімге келмесе, Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық Сотының Төрағасы тағайындайды.

Дауды шешу кезінде тағайындалған төрешілер даудың жария-құқықтық сипатын ескере отырып, ЮНСИТРАЛ Төрелік регламентін басшылыққа алады.

Төрешілер көпшілік дауыспен шешім қабылдайды және олар қабылдаған шешім дау тараптары үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.

Осымен, осы аударма 2009 жылғы 9 маусымда Мәскеу қаласында қол қойылған Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын құру туралы шарттың куәландырылған көшірмесінің мәтініне сәйкес келетінін растаймын.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Кадрлық қамтамасыз ету және құжат

айналымы департаментінің

Басқарма бастығы

Н. Шабанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК